

БІЛІМДІ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ №4

1) Ақпаратпен сауатты жұмыс істей білу, әртүрлі көздерден ақпарат іздеуді жүзеге асыру, дәйексөз келтіру кезінде авторлық құқықтарды сақтау, ақпараттың дұрыстығын бағалау – бұл:

- A) ақпараттық сауаттылық
- B) инновацияларға деген көзқарас
- C) медиасауаттылық
- D) компьютерлік (цифрлық) сауаттылық
- E) коммуникативтік сауаттылық

2. Компьютер мен мобильді құрылғылардың техникалық мүмкіндіктерін білу, кәсіби қызметтің міндеттеріне сәйкес қажетті бағдарламаларды белгілей білу – бұл:

- A) компьютерлік (цифрлық) сауаттылық
- B) инновацияларға деген көзқарас
- C) ақпараттық сауаттылық
- D) медиасауаттылық
- E) коммуникативтік сауаттылық

3. Ақпараттың алуан түрлерімен (мәтіндік, графикалық, бейне ақпарат) жұмыс істей білу және виртуалды шындық объектілерін пайдалана білу – бұл:

- A) медиасауаттылық
- B) инновацияларға деген көзқарас
- C) ақпараттық сауаттылық
- D) компьютерлік (цифрлық) сауаттылық
- E) коммуникативтік сауаттылық

4. Коммуникацияларды, әлеуметтік желілерді жүзеге асыру үшін ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана білу– бұл:

- A) коммуникативтік сауаттылық
- B) инновацияларға деген көзқарас
- C) медиасауаттылық
- D) ақпараттық сауаттылық
- E) компьютерлік сауаттылық (цифрлық)

5. Заманауи технологиялық процестерді білу, заманауи гаджеттермен және қосымшалармен жұмыс істеу дағдылары, сондай-ақ технологиялық инновациялардың артықшылықтарын орнату– бұл:

- A) инновацияларға деген көзқарас
- B) ақпараттық сауаттылық
- C) медиасауаттылық
- D) компьютерлік (цифрлық) сауаттылық
- E) коммуникативтік сауаттылық

6. Цифрлы технологияларды және интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажет білім мен дағдылардың жиынтығы – бұл:

- A) цифрлық сауаттылық
- B) цифрлық құзыреттілік
- C) ақпараттық сауаттылық
- D) ақпараттық құзыреттілік
- E) цифрлық мәдениеттілік

7. Ақпаратты өңдеу мүмкіндіктерін кеңейтуге қажетті ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен цифрлық медианы пайдалану дағдыларының жиынтығы – бұл:

- A) цифрлық құзыреттілік
- B) цифрлық сауаттылық
- C) ақпараттық сауаттылық
- D) ақпараттық құзыреттілік
- E) цифрлық мәдениеттілік

8. Педагогтың өз бетінше ізденіп, білімін, кәсіби шеберлігін, мәдениеттілігін жоғарылатып, талапқа сай бейімдей алуы – бұл:

- A) құзыреттілік
- B) сауаттылық
- C) шығармашылық
- D) кәсібилік
- E) мәдениеттілік

9. Жүйелік жобалау, бағдарламалау, қосымшаны әзірлеу, деректерді басқару, бұлтты технологияларды пайдалану – бұл:

- A) кәсіби цифрлық дағдылар
- B) жалпы цифрлық дағдылар
- C) проблемалық-бағдарланған цифрлық дағдылар
- D) қосымша цифрлық дағдылар
- E) цифрлық экономика сервистерін пайдалану дағдылары

10. Интернеттен ақпарат іздеу, бағдарламалық жасақтаманы пайдалану, деректерді өңдеу, талдау – бұл:

- A) жалпы цифрлық дағдылар
- B) кәсіби цифрлық дағдылар
- C) проблемалық-бағдарланған цифрлық дағдылар
- D) қосымша цифрлық дағдылар
- E) цифрлық экономика сервистерін пайдалану дағдылары